

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.241-244

ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДЕГІ ПАССИВТІ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖАҒДАЙЫ

Касимбекова М.А., Жаксылыкова А.С.

Еліміз жаңа әлемдегі экономикаға аяқ басқан шақта қаржылық нарықты дамыту аса өзекті мәселелердің бірі ретінде алға қойылып отыр. Қаржылық нарықтың құрамдас бөлігі ретінде депозиттік нарықты дамыту, яғни пассивті операцияларды басқару ел алдына қойылған үлкен міндет десек артық айтқандық емес. Олай болса, пассивтік операцияларды басқару ол туралы біліп ғана қоймай, терең зерттеулер жүргізуді талап етеді. Сондықтан қазіргі қазақстандық банктердің пассивтік операцияларды басқаруды зерттеу, оның негізгі артықшылықтары мен кемшіліктерін білу кез-келген экономикстер үшін аса маңызды болып табылады.

Пассивтерді басқару дегеніміз банктің стратегиясы мен қаржылық менеджменттің стратегиясына жетуді қамтамасыз ететін баланс банктің пассивтерінің құрылымын қалыптастыру және реттеу процесін білдіреді. Банк пассивтерін басқару базалық және күрделі болып келуі мүмкін.

Банк пассивтерін базалық басқару – капитал жеткіліктілігіне және пассивтердің пайыз мөлшерлемелерінің және валюталардың бағамдарының өзгерісіне сезімталдығына қолжеткізуге арналған реттеуші ұйымдардың талаптарын білдіреді.

Банк пассивтерін күрделі басқару – банк қызметінің барлық бағыттарында табыстылықты көздейтін, тәуекелді төмендетуге бағытталған банктің стратегиясын жасауды білдіреді [1].

Екінші деңгейлі банктердегі пассивті операцияларды басқарудың басты бағыты – банктің меншікті қаржысын басқару және де банк қызметіндегі қауіптерді азайту болып табылады. Соңғы айтылған сөйлемнің маңызы зор. Өйткені, қауіп банктің қызметімен әрқашан да қатар жүреді. Жоғарғы деңгейде пайда табу, әрқашан да, жоғарғы деңгейде тәуекелдікпен байланысты. Көп пайда табудың мүмкіншілігі өскен сайын, қауіптілік те өседі. Банктердегі пассивті операцияларды басқару осындай жағдайда қауіп пен пайданың өзара қатынасының ең оңтайлысын табу керек.

Пассивтерді басқару процесінде мынадай міндеттер шешімін табады:

- Міндетті резервтерді қалыптастыратын бөлігін есептемегенде табыс әкелмейтін қаражаттың банкте болуына жол бермеу.
- Банк өз клиенттерінің алдындағы тиісті міндеттемелерді орындауы үшін әрі активтік операцияларды дамыту үшін қажетті несие ресурстарын іздеу.

• Банктердің «арзан» ресурстар есебінен пайда алуын қамтамасыз ету [2].

Пассивті операциялар – олар өз қарауына әр түрлі салымдарды тартып, басқа банктерден несиелі алып, өзінің бағалы қағаздарын шығарып және сол сияқты басқа да қаражат тарту операцияларын жүргізіп, банк қорын құру және оны ұлғайту операциялары. Олар банк балансының пассивінде көрсетіледі. Пассив операциялары тарихи дәстүр бойынша актив операцияларына қарағанда алдымен жүргізіледі, себебі актив операцияларын жүргізу үшін белгілі бір қор мөлшері қажет. Сонымен 01.12.2016 жыл мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасында банктік пассивтер 25681,9 млрд.теңге болды. Оны келесі 1-кестеден көре аламыз.

Банктер өздерінің активті операцияларын жүргізу үшін пассивті операцияларды өткізу нәтижесінде пайда болатын тартылған қаржыларды қолданады.

Коммерциялық банктің пассивті операциялары келесі нысанда жүзеге асырылуы мүмкін:

- банк қорын қалыптастыру және ұлғайту үшін банктердің пайдасы есебінен аударулар;
- басқа заңды тұлғалардан алынған несиелер

1 – кесте. 2016 жылғы жағдай бойынша ҚР екінші деңгейдегі банктерінің қаржылық көрсеткіштері

| № | Банктің атауы | Міндеттемелер | % | оның ішінде салымдар | | | | Баланс бойынша меншікті капитал | % |
|---|----------------------------|---------------|------|----------------------|------|-------------------|------|---------------------------------|------|
| | | | | жеке тұлғалардың | % | заңды тұлғалардың | % | | |
| 1 | "Казкоммерцбанк" АҚ | 4 754 | 20.8 | 1 474 | 19.1 | 2 083 | 21.1 | 460 | 16.2 |
| 2 | "Қазақстан Халық Банкі" АҚ | 4 044 | 17.6 | 1 564 | 20.3 | 1 497 | 15.2 | 603 | 21.3 |
| 3 | "ЦЕСНАБАНК" АҚ | 1 900 | 8.3 | 654 | 8.5 | 909 | 9.2 | 163 | 5.7 |
| 4 | "Ресей Жинақ банкі" АҚ ЕБ | 1 372 | 6 | 582 | 7.5 | 490 | 4.9 | 146 | 5.1 |
| 5 | "Банк ЦентрКредит" | 1 288 | 5.6 | 522 | 6.7 | 525 | 5.3 | 92 | 3.2 |

| | | | | | | | | | |
|---|----------------------|--------|------|-------|------|-------|------|-------|------|
| | АҚ | | | | | | | | |
| 6 | "KASPI BANK" АҚ | 1 059 | 4.6 | 711 | 9.2 | 78 | 0.7 | 127 | 4.4 |
| 7 | "АТФБанк" АҚ | 1 362 | 5.9 | 400 | 5.2 | 714 | 7.2 | 80 | 2.8 |
| 8 | "ForteBank" АҚ | 1 035 | 4.5 | 386 | 5 | 475 | 4.8 | 174 | 6.1 |
| 9 | "Еуразиялық Банк" АҚ | 941 | 4.1 | 287 | 3.7 | 407 | 4.1 | 90 | 3.1 |
| 10 | "Банк "РВК" АҚ | 930 | 4 | 193 | 2.5 | 526 | 5.3 | 81 | 2.8 |
| 11 | Басқада банктер | 4166 | 18.2 | 822 | 10.6 | 2123 | 21.6 | 813 | 28.7 |
| 12 | Барлығы | 22 851 | 100 | 7 685 | 100 | 9 827 | 100 | 2 829 | 100 |
| Ескертпе- http://www.nationalbank.kz/ | | | | | | | | | |

1- кесте көрсеткіштері бойынша заңды тұлғалардың салымдары 9827 млрд. теңге немесе барлық пассивтерінің 38,2%-ын құрайды. Жеке тұлғалардың салымдары 7685 млрд. теңге немесе барлық пассивтерінің 29,9%-ын құрап жатыр. Қ.Р-ның екінші деңгейлі банктердің міндеттемелер және капитал мөлшері бойынша 1 орында "Казкоммерцбанк" АҚ. Ол барлық міндеттемелердің 20,8 %-ын алып отыр.

Банк капиталының банк реттеу іргетасы болып табылады және экономикалық сілкіністерге қарсы, банктің қабілетін анықтауда шешуші фактор болып саналады. Банк капиталын реттейтін болсақ, оны құрайтын ақша қаражаттары белгілі акционерлердің қаражаттарынан құралады және олар тұрақты, маңызды болуы қажет.

Банк капиталы дағдарыс кезінде акционерлердің ақшасын қайтарып алу тауекелі жоғары. Сондықтан банктер дағдарыс кезінде жақсы жұмыс істеуге көмектесу, банк капиталының экономикалық пайда табуын көздеу. Алайда, біз бұл қысқа мерзімді институционалдық инвесторлар ұсынған кезде одан капитал, нашар орындауға байланысты екенін көрсетеді [3].

Қ.Р-ның барлық банк жүйесінің өтемпаздығын, рынок арқылы кредит ресурстарын жұмылдыруға және банк қызметтерін эмиссиялық басқаруды қолдауға бағытталған қызметті пассивтерді басқару деп түсінген абзал.

2 – кесте. Қ.Р-ның екінші деңгейлі банктердегі пассивтердің құрылымы, млрд.тг

| Пассивтер | 2014 | | 2015 | | 2016 | |
|----------------------|--------|---------|--------|---------|--------|---------|
| | Сомасы | Үлесі,% | Сомасы | Үлесі,% | Сомасы | Үлесі,% |
| Міндеттемелер | 15 918 | 88.6 | 20 165 | 89 | 22 851 | 88,9 |
| Оның ішінде салымдар | 11337 | 62.7 | 14953 | 66.7 | 17582 | 68,4 |

| | | | | | | |
|---|--------|------|-------|------|-------|------|
| Жеке тұлғалардың | 4 387 | 24.2 | 6 322 | 27.9 | 7685 | 29,9 |
| Заңды тұлғалардың | 6 950 | 38.4 | 8631 | 38.1 | 9827 | 38,2 |
| Меншікті капитал | 2 157 | 11.4 | 2467 | 11 | 2829 | 11,1 |
| Барлығы | 18 075 | 100 | 22632 | 100 | 25680 | 100 |
| Ескертпе: http://www.nationalbank.kz/ | | | | | | |

Пассивтер біз білетіндей тартылған қаражаттар мен капиталдан құралады. Қ.Р-ның барлық екінші деңгейінің пассивтерінің құрылымын талдайық. 2016 жылдың қорытындысы бойынша барлық пассивтердің 88,9%-ын тартылған қаражаттар алып отыр, ал қалған 11,1%-ын меншікті капиталға тиесілі.

3 – кесте. Қазақстан Республикасының банктердегі салымдары, млрд.теңге

| Көрсеткіштің атауы | 01.12.2014 | | | 01.12.2015 | | | 01.12.2016 | | |
|---|------------|-------------------------------|------------------------|------------|-------------------------------|------------------------|------------|-------------------------------|------------------------|
| | барлығы | оның ішінде шетел валютасында | үлесі, барлығына %-бен | барлығы | оның ішінде шетел валютасында | үлесі, барлығына %-бен | барлығы | оның ішінде шетел валютасында | үлесі, барлығына %-бен |
| Клиенттер салымдарының барлығы, оның ішінде: | 6258,9 | 2618,4 | 42 | 6959,3 | 4177,6 | 60 | 7936,9 | 5793,2 | 73 |
| Заңды тұлғалардың салымдары | 2904,8 | 986,0 | 34 | 3071,4 | 1640,5 | 53 | 3250,0 | 2136,2 | 66 |
| Жеке тұлғалардың салымдары | 3354,2 | 1632,4 | 49 | 3887,9 | 2537,1 | 65 | 4686,8 | 3657,0 | 78 |
| Ескертпе: http://www.nationalbank.kz/ | | | | | | | | | |

3-кесте көрсеткіштері бойынша заңды тұлғалардың салымдары 3250 млрд. теңге немесе клиенттер салымдарының 40,9-ы (2016 жылдың басында 3094 млрд. теңге немесе клиенттер салымдарының 44%-ы), 2016 жылдың басынан бері өсу –5 % болды. Жеке тұлғалардың салымдары 4686,8 млрд.

теңге немесе клиенттер салымдарының 59,1%-ы (2016 жылдың басында – 3931,7 млрд. теңге немесе клиенттер салымдарының 56%-ы), 2016 жылдың басынан бері өсу –19,2% болды.

Коммерциялық банктердің депозиттік шотындағы қаржылар - банк тетіктері мен коммерциялық банктердегі қолда жоқ ақшаның қозғалысы арқылы депозит шотындағы қаржының көбеюін көрсететін депозиттік мультипликатор нәтижесінде пайда болады.

Кейбір жеке шоттардағы қаржылардың қалдығын және олардың айналымын талдай отыра, шоттардағы тұрақты қалдықты анықтауға болады. Мұндай талдау кәсіпорындарды есеп айырысу шоттарындағы қаржының бір бөлігін жылдам депозиттерге аударуларына қызықтыруға болады. Кәсіпорында есеп айырысу шотында қажет болған жағдайда қаржының жетпей қалуы мүмкін деген қауіп туындамас үшін, депозит келісімшартында сол пайыздық тұрғыда төлем кредитін ала алатын мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұл мөлшерлемені кәсіпорынға депозит шотындағы қаржы есебінен төлеу керек.

Егер макродеңгейде бірінші кезекте банк жүйесіндегі депозит көлеміне қаржылық кредиттік және мемлекеттік салық саясаты ықпал жасайтын болса, мұндай жағдайда, нақты банк үшін экономикалық және жеке фактор ерекше маңызға ие[4].

Республикада қазіргі уақытта депозиттерге қаржы тартудың ынталандырушы негізі депозиттегі қаржыға қосылатын пайыздық мөлшерлеме болып табылады. Пайыздық мөлшерлеме рыноктағы кредит ресурстарына ұсыныс пен сұраныстар заңдылығымен реттеледі.

Пайыздық мөлшерлемелер депозитке ресурстар тартатын бірден-бір құрал емес. Рыноктегі кредит ресурстарын зерттеуге және банк мамандарының шеберлік деңгейіне байланысты салымдарға қаржылар тартудың көптеген әдістері қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Мақыш С.Б. Банк ісі. Алматы: Жеті жарғы, 2009ж
2. Основы банковского менеджмента. Под ред. О.И.Лаврушина, М 1995
3. Alexandre Garela, «Bank capital in the crisis: It's not just how much you have but who provides it» // <http://dx.doi.org/10.1016/j.jbankfin.2016.11.009>
4. Бор З., Пятенко В.В., Менеджмент банков: организация, стратегия, планирование., М. 1997.
5. <http://www.nationalbank.kz/>